

"Еттің жекелеген түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталар көлемін бөлудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 наурыздағы № 269 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 тамыздағы № 1084 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 213 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.04.2015 № 213 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Еттің жекелеген түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталар көлемін бөлудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 наурыздағы № 269 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 27, 320-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасына оларға қатысты тарифтік квоталар енгізілген еттің кейбір түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталар көлемдерін сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар арасында б ө л у

қ а ғ и д а с ы н д а :

3 - т а р м а қ т а :

б) тармақшадағы «түрі.» деген сөз «түрі;» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) әкелу көлемі – ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде шығарылған және одан әкелінетін тауарларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағына ішкі тұтыну үшін кедендік рәсімге орналастырылатын тауарлардың заттай мәндегі ә к е л і н г е н с а н ы . » .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*